

## **Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігінің кейбір мәселелері туралы**

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. 1997 жылғы 24 наурыздағы N 3424. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

## Каулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі туралы ереже (коса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын стратегиялық ресурстарға мыналар жатқызылады деп белгіленсін:

1) мұнай, газ, газ конденсаты кен орындары, мұнай және газ  
өндіру өнеркәсібі өнімі;

2) әуе кеңістігі, теміржолдар, телекоммуникациялар;

3) энергия ресурстары, энергия жүйелері;

4 ) д ә н д i дақылдар;

5) алтын кен орындары, алтын және басқа бағалы металдар;  
6) кара және түсті металдар кен орындары, қара, түсті және  
сирек үшінрасатын Металлдар;

7) уран кен орындары және уран өнімі;  
 8) минералдык шикізат және кең химия сферасындағы мемлекеттік стандартар;

9) магистральдык кубыр арналары

3. Орталық және жергілікті м

3. Орталық жөнс жергіліктер мемлекеттік органдар Агенттікің өзіне жүктелген міндеттерді орындаудына жан-жақты жәрдем көрсетуге міндетті деп белгіленесін.

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

## Қазақстан Республикасының

## *Президенті*

# Қазақстан

## Республикасы

## Президентінің

1997 ЖЫЛҒЫ

24

## наурыздары

N 3 4 2 4

## Ж а р л ығ ы м е н

Бекітілген

**Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі туралы ЕРЕЖЕ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Стратегиялық ресурстарды бақылау жөніндегі агенттігі (бұдан байлай - Агенттік) Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік орган болып табылады.
2. Агенттік қызметінің құқықтық негізі Республика Конституциясы, заңдары және Президентінің актілері, сондай-ақ осы Ереже болып табылады.
3. Агенттік дербес шығыс сметасы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өзінің атауы жазылған мөрі бар заңды тұлға болып табылады.
4. Агенттіктің құрылымы мен штат санын Агенттік төрағасының ұсынуы бойынша Республика Президенті белгілейді.

**II. Агенттіктің міндеттері мен өкілеттіктері**

5. Агенттіктің негізгі міндеттері мыналар:
  - 1) стратегиялық ресурстардың пайдаланылуын бақылау;
  - 2) стратегиялық ресурстарды пайдалану тиімділігіне баға беру, сондай-ақ стратегиялық ресурстарды пайдаланудың мемлекеттің мүддесіне және әлемдік тәжірибеге сәйкестігіне баға беру;
  - 3) стратегиялық ресурстарды пайдалану өндірістің дамуының әлемдік үрдістерін ескере отырып талдау;
  - 4) стратегиялық ресурстарды пайдалануға байланысты инвестициялар мен зайдар тартуға талдау жасау;
  - 5) Республика Президентінің тапсырмаларын орындау.
6. Өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін Агенттікке:
  - 1) өздері белгілеген мерзімде Үкіметтен, өзге де мемлекеттік органдардан, ұйымдардан стратегиялық ресурстарға қатысты мәселелер бойынша қажетті құжаттар мен материалдарды сұратуға және алдыруға;
  - 2) мемлекеттік органдар, мемлекеттік ұйымдар мен кәсіпорындар өткізетін стратегиялық ресурстарға қатысы бар отырыстар мен кеңестерге (соның ішінде байқаушы кеңестер мен басқармалардың отырыстарына) қатысуға;
  - 3) стратегиялық ресурстарға қатысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдар мен ұйымдарға тексерістер жүргізуғе;
  - 4) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға меншік нысанына қарамастан стратегиялық ресурстарға қатысы бар ұйымдарға тексеріс жүргізуді тапсыруға;
  - 5) тиісті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдары мен мамандарын тексеріс жүргізу үшін тартуға;
  - 6) тексерістер кезінде тиісті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың

басшыларынан, өзге де лауазымды адамдарынан ауызша және жазбаша түсініктемелер, құжаттар, анықтамалар мен өзге де материалдар алуға;

7) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың лауазымды адамдарының стратегиялық ресурстарға қатысты мәселелер бойынша мәліметін тындауға;

8) Республика Президентін тексерілген органдар стратегиялық ресурстарға қатысты контракттар жасасу, лицензиялар беру, өзге де құқыктар мен преференциялар табыстау кезінде анықталған заң бұзушылықтарды жою жөнінде қолданған шаралар туралы хабарландыруға және қажет болған жағдайда кінәлі лауазымды адамдардың жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізуге;

9) тиісті мемлекеттік органдардың, ұйымдардың лауазымды адамдары алдында стратегиялық ресурстарды тиімді пайдалануға кедергі келтіретін олар қабылдаған актілердің күшін жою, бұларға өзгерістер енгізу немесе қолдануын тоқтату туралы мәселе қоюға;

10) қолданылып жүрген зандарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Республика Президентіне ұсыныс жасауға өкілеттіктер берілген.

### **III. Агенттік басшылығы**

7. Агенттікке Республика Президенті қызметке тағайындастын және қызметтен босататын Агенттік төрағасы басшылық етеді.

Агенттік төрағасы орнында болмаған жағдайда оның міндеттерін департаменттердің директорларының бірі атқарады.

8. Төраға тоқсан сайын кемінде бір рет Агенттік жұмысы туралы Республика Президентінің алдында есеп береді.

#### **9. А г е н т т і к т ө р ағ а с ы :**

1) Агенттіктің қызметіне басшылық етеді, Агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы үшін дербес жауап береді;

2) өз құзыретінің шегінде бұйрықтар шығарады, тапсырмалар береді және олардың атқарулының тексереді;

3) белгіленген құрылым мен адам санына сай штат кестесін бекітеді, департаменттер басшыларының міндеттерін бөледі, сондай-ақ агенттік шығыстарының сметаларын өзірлейді;

4) агенттік қызметкерлерін қызметке тағайындауды және қызметтен босатады ;

5) зандарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.